***«Platonus» ААЖ-дағы***

ОҚЫТЫЛАТЫН пәндер модулі бойынша
***пәнді оқытушыға бекіту*** нұсқаулығы

***«Platonus» ААЖ-ның*** негізгі бетін ашыңыз. Негізгі мәзірден «Картотека» - «Оқытушылар» бөлімін таңдаңыз.

Диалогтық терезенің төменгі жағында орналасқан Кафедраның ПОҚ тізіміндегі «ЖОО оқытушылары» бетіндегі оқытушының аты-жөні сілтемесін басыңыз.




«Оқытушының жеке карточкасы» деген беттегі «Мәзір» - «Оқытылатын пәндер» ашыңыз




«Оқытылатын пәндер» деген бетте оқытушының атына бұрын бекітілген пәндердің тізімі көрсетіледі. Келесі / ағымдағы оқу жылына пәндерді бекіту үшін «Пәндер қосу» деген пәрменді таңдаңыз.



Пәнді іздеу үшін «Оқытушының жүктемесіне пәндерді қосу» деген бетке қажетті параметрлерді орнатыңыз (**академ. дәрежесі, мамандығы, оқу нысаны, оқу жоспары**), сонда беттің төменгі жағында пәндер тізімі көрсетіледі.




Немесе іздеу жолағына пәннің атын енгізіп, «Іздеу» пәрменін басыңыз.

Беттің төменгі жағында сіз іздеген пәндердің тізімі ашылады. Пән атауы бар жолдың оң жағында редакциялауға арналған белгіше бар, соны басыңыз.




Пәннің ашылған парақшасында мына пәрменді орындаңыз (Басқа оқу формасы және/ немесе оқу тілі бойынша топ түрін қосу):




Ашылған бетке қажетті параметрлерді орнатыңыз.
«Оқу нысаны» жолағы – ашылған тізімнен таңдалады.
«Оқу тілі» жолағы – ашылған тізімнен таңдалады.



«Оқу жылы» жолағында (ашылмалы тізімдегі) пән оқылатын оқу жылын **міндетті** түрде көрсетіңіз.




Әрі қарай мұғалімнің пән бойынша жүргізетін сабақ түрлеріне белгі қойыңыз. Барлық әрекеттерді «Сақтау» пәрменімен аяқтаңыз.




Егер пәнді оқытушы бірнеше тілде, әртүрлі білім беру нысандарында және т.б. оқытатын болса, онда пән бетін ашу қажет:




«Басқа оқу формасы және/ немесе оқу тілі бойынша топ түрін қосу» команданы таңдаңыз




Ашылмалы мәзірден қажетті опцияны таңдаңыз:




